

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента
«__» _____ 20 __ года

2023 жылғы 27 желтоқсанда жарияланған

Қарағанды облысының әкімі
Е. Бөлекбаевқа

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Ермағамбет Қабдулаұлы!

Бүгінгі шұғыл сауал жолдауымның себебі – Қарағанды облысы, Нұра ауданы тұрғындарының үнін жеткізу. Көлемі жағынан ең ірі аймақ - Қарағанды облысының Нұра ауданы да тоғыз жолдың торабында орналасқан ірі аудандардың бірі. Алайда, күрежолдың қиылысында болса да облыс, аудан орталықтарымен қатынайтын мүмкіндік жоқ. Бұған жол себеп емес, нашар болса да амалдап жүретін жол деген аты бар. Бұған себеп – жанар-жағармай станциясының болмауы.

Бұрын Баршын ауылының маңында жұмыс істеп тұрған автозаправка, 200 шақырымға созылған Құланөтпес-Баршын-Шұбаркөл тас жолының бойында қаңырап бос тұр. Баршыннан облыс орталығы Қарағандыға дейін 350 км. жерде де бір бекет таппайсыз.

4-5 жыл жанар-жағармайдан қол үзген халық әбден шаршады.

Аудан тұрғындары азық-түлік алу үшін күнде орталыққа қатынау керек. Көгілдір отыны атымен жоқ ауылдар газ баллондарымен күнелтеді. Ал оған ай сайын қанша баллон тасып әкелу керек? Көліксіз шаруа бітпейді, шаруашылық қызметі тікелей осы жанар-жағармайға байланысты.

Әрине, жалға алып, жанар-жағармайды жеткізген азаматтар болды. Бірақ оның бәрі шығын боп қалтаға соқты. Бензиннің қолжетімсіздігінен оның бағасы да шарықтап кетіп отыр. Жанар-жағармай бекетін қамтамасыз ету шағын мекемелер үшін тиімсіз, сондықтан бензинді тасымалдап, жеткізуді тек ірі компаниялар жүзеге асыра алады.

Құрметті Ермағамбет Қабдулаұлы, Нұра ауданы тұрғындарының өтінішіне аса назар аударып, аталған автозаправка бекетін қайта іске қосудың жалғыз жолы - жанармай құю станцияларының кең желісі бар жанар-жағармай

тасымалдаушы ірі кәсіпорындарымен келіссөздер жүргізіп, өзіңізге сеніп тапсырылған өңір мәселесінің шешілуіне қолдау көрсетуіңізді сұраймын!

**Құрметпен,
«Ауыл» фракциясының мүшелері**

**Қ. Абден
Т. Серіков**

**«АМАНАТ» партиясының
фракциясының мүшесі**

Ү. Шапақ

Орынд. Садықов І
74-63-26